

Манкент ауыл округі Манкент ауылының Улуғбек көшесінде шектеу іс - шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 22 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 маусымда № 2681 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылы округі әкімінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 46 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылы округі әкімінің 10.09.2014 № 46 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2014 жылғы 12 ақпандағы № 01-04/66 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы аурулардың ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Манкент ауылдық округі Манкент ауылының Улуғбек көшесінде тұратын азамат Р.Бегметовты тістеген белгісіз иттің құтырық ауруымен ауруына байланысты Манкент ауылының Улуғбек көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Манкент ауыл округінің әкімі

Ш.Убайдуллаев